

Қызылорда қаласында жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 311-44/5 шешімі

Ескерту. 01.01.2026 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі осы шешімнің 2 тармағымен.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 582-бабының 1-тармағына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 242-34/4 шешімімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8590-11 болып тіркелген) бекітілген Қызылорда қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасының (схемасының) негізінде, Қызылорда қаласында жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 35 (отыз бес) пайызға жоғарылатылсын.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы

И. Құттықожаев